GUMILYOV JOURNAL OF SOCIOLOGY
ISSN (Print) 3080-1702. ISSN (Online) 3104-4638

ХҒТАР 04.51.31
https://doi.org/10.32523/3080-1702-2025-152-3-113-129
Ғылыми мақала

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҮГЕДЕКТЕР МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

**Тасыбеков А.Е.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*

*(E-mail: almat_tasybekov@mail.ru)*

**Аңдатпа.** Әлеуметтік мемлекет ретінде Қазақстан мүгедектер немесе мүмкіндігі шектеулі азаматтарын әлеуметтік тұрғыдан қорғау саласында халықаралық стандарттарға сәйкес біршама белсенді шараларды жүзеге асырды.

Ұсынылып отырған бұл мақалада Қазақстандағы мүгедектер мәселесінің зерттелуін талдау барысы оның әлеуметтанулық, психологиялық, әлеуметтік-мәдени, мәдени плюрализм, саяси, құқықтық модельдерін ұштастыра қарастыру қажеттілігін көрсетеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымында қолданылып келген медициналық модель, одан кейінгі жылдарда әлеуметтік модель, сондай-ақ қазіргі замандағы әлеуметтік-қоршаған орта моделі, яғни инклюзия моделінің қалыптасуы Қазақстандағы осы саланың дамуына түрткі болғанына назар аударылады. Сондай-ақ мақалада қазақстандық қоғамның мүгедектер мәселесін шешуде ұстанған бағытының ғылыми негізделуі мен оның практикада қандай нәтиже бере алатыны және осы салада қордаланған мәселені шешудің өзекті ғылыми-әдіснамалық және әдістемелік қырлары қарастырылады.

Автор Қазақстандағы мүгедектік мәселесін зерттеуші отандық және шетелдік ғалымдардың мүгедектерге цифрлану жағдайында білім беруді ұйымдастырудың ғылыми талдауына шолу жасай отырып, мүгедектік мәселесіне ықпал ететін әлеуметтік-экономикалық, медициналық-демографиялық және экологиялық факторлармен қатар мүгедектерді әлеуметтік ортаның қабылдауын, оның күнделікті өмірін мен рухани әлемін зерттеудің өзектілігін де атап өтеді.

**Негізгі ұғымдар:** әлеуметтік саясат, әлеуметтік жауапкершілік, мүгедектік, мүгедектер, мүмкіндігі шектеулі топ, еңбекке қабілетті мүгедектік, мүгедектердің интеграциясы.

## Кіріспе

Әлеуметтану ғылымының жан-жақты тереңдей дамуы, қоғамның әр мүшесінің мүддесін қамту бағыттары жаңа зерттеулерге деген қажеттілік туғызады. Мүмкіндігі



**Түсті: 16.03.2025; Жөнделді: 19.05.2025; Мақұлданды: 07.07.2025; Онлайн қолжетімді: 30.09.2025**

шектеулі азаматтарға деген қамқорлық – мемлекеттің әлеуметтік сипатының маңызды көрсеткіші. Сонымен қатар ол қоғамдағы әлеуметтік жауапкершіліктің деңгейін көрсетеді.

Әлеуметтік жауапкершілік нормасы – адамдардың көмекке мұқтаж жанға, оның қайтара алмайтынына қарамастан қол ұшын созатынына сенуі деген тұжырым белгілі *(Berkowitz, 1972, Schwarts, 1975).* Бұл мәселедегі әлеуметтану дамуындағы бетбұрысты кезең ағартушы-ғалымдар *(Hawthorn, 1976, Hughes, Martin and Sharrock, 1995, Zeitlen, 1996)* ұсынған пайымдар маңызды. Мысалы, Ирвинг Цейтлиннің пікірінше, «жағымды (позитивті) да, жағымсыз (негативті) болып келген әлеуметтану теориясы «Протоәлеуметтану және Ағартушылық идеяларына қарсыласу ретінде дамыған» *(Berkowitz L., 1972; Schwartz S.H., 1975).* Бұл көзқарас қоғамның жекелеген топтарына білім беру арқылы олардың әлеуетін арттырып, еңбек нарығына тарту мүмкіндігін қарастыра отырып, әлеуметтік қолдау мен қамқорлық көрсетудің қажеттілігін негіздейді. Дегенмен бұл құбылыс теориясы М.Вебердің «әлеуметтік ғылымдарда мәңгілік түсінік болмайды», – деген көзқарасына сәйкес келеді *(Вебер М., 2006).*

Әлеуметтанудың міндеті – әлеуметтік жүйеге не нәрсе, не үшін қажет екенін, яғни құрылымдық элементтердің рөлін анықтау. Т.Парсонс ұсынған AGIL мен құрылымдық-функциялық бағыттың өкілі, атақты ойшыл Роберт Мертонның «бірдей элементтер бір жүйелерге қатысты функциялық, екіншілеріне қатысты дисфункциялық бола алады», –деген классикалық пайымы әлеуметтік топ ретіндегі мүгедектердің мәселесін шешудің жүйе үшін маңыздылығына назар аударуға мүмкіндік береді. Т.Парсонстың «үлкен ілімі», яғни құрылымдық-функциялық бағытынан бастап, қазіргі Де Моз Ллойд психотарихы, синергетика сияқты т.б. қоғамдық ғылымдар теориясында, индивидтерді, яғни адамдарды жекелей зерттеу мен олардың қоғаммен байланыс әрекеттері бағыттарын зерттей, талдай берілуі, өз ерекшеліктері мен заманауи технологиялық даму үрдісін толықтыру жолдарының ғылыми негізі *(Мертон Р., Әлемдік әлеуметтану антологиясы, 2006).*

Қоғамның әр мүшесінің әлеуметтенуінде, оның әлеуметтік мүдде мәселесін анықтап, мемлекеттік қамқорлық жасау аясымен қамтылу қажеттілігіне қатысты міндеттер айқындалады. Қоғамның қандайда бір бөлігі мүгедектерді әлеуметтік ахуалына қарай топтарға бөле отырып, еңбекке тартуда, тұтастай жүйе мен заңдар негізінде қамқорлыққа алуын негіздейтін ғылыми тұжырымдар дәйекті. Ғылыми ізденістерде «мүгедектік, мүгедектердің интеграциясы мен әлеуметтенуіне кедергі келтіретін қоғамдағы кедергілер салдары» әлеуметтік проблема ретінде қарастырылып, әлеуметтанулық теориялар мен концепцияларда қарастырылады *(Григорьева М.И., 2021; Красуцкая О.В., 2017).*

Қазіргі қоғам мен билік арасындағы верификациялық жағдай қажеттілігі қандай да бір теориялық ғылыми негіздерге сүйене заңды қажеттіліктердің орындалуын қадағалау мүмкіндіктерін жақсарту, олай болса, мемлекеттің әлеуметтік саясаты қоғамның өзгерістерін, осы өзгерістердің нәтижесін ескере отырып, әлеуметтік әділеттілік принциптеріне сәйкес саясатты жүзеге асыруы тиіс. Әлеуметтану классиктерінің бірі Питирим Сорокин «қоғамның адамгершілік тұрғыдан жаңаша жаңаруы – альтруизм мен ынтымақтастыққа негізделуінен», – деген қағиданы ұстанып, қоғамның ізгілікті дамуына көңіл бөледі *(Сорокин П.А., 2006).*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Статистика Агенттігінің мәліметтері бойынша мүге-дектер санының миллионға жақындап қалуы ғалымдарды алаңдатуда. 2025

жылғы Қазақстандағы статистикалық деректерге сәйкес, мүгедектер санының өсу үрдісі өңірлік ерекшеліктерге байланысты әр облыста әртүрлі көрсеткіштермен сипатталады *(Численность лиц с инвалидностью в Республике Казахстан по состоянию на 28.02.2025 г.).* Бұл аймақтар арасындағы әлеуметтік, экономикалық және медициналық инфрақұрылымның даму деңгейіндегі айырмашылықтарды ескере отырып, мүгедектік мәселесіне кешенді әрі сараланған көзқарас қажеттілігін көрсетеді.

**Тақырыпты таңдауды дәйектеу**

Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясының нормаларын іске асыруда мүгедектерді оқыту, дене шынықтыру және спорт, жұмыспен қамту, мәдениет және т.б. салаларда қосымша немесе тең құқықтар беретін нормаларды бекітуге мүгедектерге арналған арнайы мекемелер мен интернаттарда тұратындардың әлеуметтік ортаға қол жеткізуіне қатысты мәселелер Қазақстан заңнамасының бағытына негіз болды. Бұл негіздердің іске асуы нәтижесінде мүгедектердің құқықтық қорғалу жолдарын жетілдіру, әлеуметтік осал топтарды қорғайтын заңдарды жасақтау үшін эмпириялық зерттеулерге жүгіне отырып, мұқтаж топтардың мүдделері мен қажеттіліктерін айқындау жұмысы жүргізіледі *(Сулейменова С.Ж., Мырзатаев Н.Д., 2023).* Мысалы, денсаулық жарамдылығына байланысты жіктелген топтарды, еңбекке жарамды мүгедектер тобын жұмыспен қамту, жұмыс беруші мен еңбек етуге жарамды мүгедектер арасындағы еңбек тәртібін реттейтін құжаттардың дайындалуы.

Мүгедектер мәселесін ғылыми зерделеудегі маңызды бағыты -«мүгедектікті» модельдеу *(Парманкулова П.Ж., Жолдасбекова С.А., 2021).* Мысалы, әлеуметтік топтың атиптілігі тұрғысынан мүгедектікті түсінудің әлеуметтанулық интерпретациясында Т.Парсонстың көзқарасы белгілі. Ол мүгедектікті девиантты мінез-құлықтың бір түрі ретінде қарастырады. «Ауру бастапқыда науқастың рөлін қабылдайды, бұл оларды қоғамның қалған мүшелеріне тән функцияларды орындаудан автоматты түрде босатылуымен заңды», – дейді. Бұл модель, әрине, медициналық модельге жатады, өйткені Т.Парсонс ауру адамдар мүгедектік жағдайын «жиіркенішті және жағымсыз», сондықтан бұрынғы мәртебесін қалпына келтіру үшін дәрігерлердің көмегі қажет деп санайды *(Мертон Р., Әлемдік әлеуметтану антологиясы, 2006).*

Әлеуметтануда мүгедектігі бар адамдардың атиптілігін, олардың денсаулығының бұзылуын, басқаларға ұқсамауын түсіндіруге байланысты оны «күнделікті өмірдегі әрекет типі мен тұлға типінің белгісіздік жағдайы оқшаулау тәжірибесінің саналуан түрін ұсынады», – деп те сипаттайды. Әлеуметтану ғылымында мүгедектікті девиация концепциясы тұрғысынан қарастыру үрдісі де бар. Айталық, символдық интеракциялық ағымында мүгедектерден тек жағымсыз әрекет күту, сол арқылы мүгедектерге қатысты белгілі қалыптасқан көзқарастың үстемдігі қоғамда орын алады деген пікір негізделеді. Ал драматургиялық әлеуметтану мектебі өкілі Ирвинг Гофман «таңбалау» қағидасына сүйеніп, мүгедектікті әлеуметтік өзара ықпалдастықта «қалыпты», және «қалыпты емес» адамдар қатынасы ретінде сипаттайды *(Григорьева М.И., 2021; Красуцкая О.В., 2017).* Сонымен қатар мүгедектерді қолдау, оларды қоғамға бейімдеудің кешенді шараларын жүзеге асыру қажеттілігі де әлеуметтану ғылымында зерттеліп отыр.

Ал қазақстандық зерттеушілердің көзқарастары қандай және олар мүгедектік мәселесін зерттеуде қандай теориялық-әдіснамалық және әдістемелік шешімдерді ұсынатыны маңызды. Біздің мақсатымыз – отандық зерттеушілердің мүгедектікті өзекті әлеуметтік құбылыс ретінде, ал мүгедектердің әлеуметтік топ ретінде қазақстандық қоғамдағы өзгерістер процесіндегі орны мен рөлін айқындауда ғылыми алаңда қандай дискурстарды ұсынып отырғанын және ол дискурстардың жаһандану тұсындағы әлеуметтану көтеріп отырған дискурстармен үндесуін салыстыру және өзектендіру деңгейін бағамдау.

**Зерттеу материалдары мен әдістері**

Мүгедектікті зерттеуде әлеуметтану ғылымы сүйенетін философиялық адам мәселесі қағидаларына негізделген медициналық (биомедициналық, дәстүрлі тәсілдерге) және мүгедектікке инновациялық (дәстүрден кейінгі тұжырымдамаларға сүйенетін әлеуметтік) тұрғыда көзқарасты білдіретін жаңа инклюзиялық бағыттарды отандық зерттеулерде қалыптастыру маңызды.

Жалпы мүгедектікке қатысты Қазақстанда жүргізіліп жатқан ғылыми ізденістердің нәтижесінде елдегі осы салада қолданылып отырған медициналық, әлеуметтік және инклюзия модельдері түрлі мемлекеттік бағдарламалардың концептуалды негізін қалады. Соның ішінде мемлекеттік деңгейде ерекше қажеттіліктері бар адамдардың жұмыспен қамтылуын реттеудің теориялық-әдіснамалық талдауы оның бірқатар негізгі ғылыми принциптер мен тәсілдерді қамтитынын көрсетеді. Оларға жүйелік, құрылымдық-функциялық, институттық әдістермен қатар экономикалық, құқықтық, психологиялық, идеологиялық, технологиялық және экожүйелік тәсілдер жатады. Мүгедектікті зерттеген отандық зерттеушілердің осы әдіс-тәсілдерді үйлестіре отырып, кешенді талдау ұстанымының нәтижелері мәселенің ғылыми-практикалық түйткілдерін саралауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеушілердің эмпириялық деректерді жинақтауда бірнеше әдістерді қолдануы және алынған мәліметтерді тек бір жақты емес, кешенді талдауы назарда болды. Мысалы, Д.С.Хамитованың ғылыми еңбегінде бірнеше пәндер аясындағы талдауы жұмыстың ғылыми құндылығын арттыра түскенін байқауға болады *(Хамитова Д.С., 2021).*

Ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың жұмыспен қамтылуын мемлекеттік реттеуді бағалаудың қолданыстағы әдістеріне жүргізілген талдау бұл үдерісті зерттеуде сапалық та, сандық та әдістер маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Мүгедектерді зерттеу жүйелік тәсілге негізделген экономикалық және статистикалық әдістер арқылы талдау процесінде аналитикалық, статистикалық, абстрактілі-логикалық, салыстырмалық және топтастыру әдістерінің қолданылуының маңызы зор *(Бейсенова М.У., 2021).* Сонымен қатар «қазіргі замандағы технологиялық даму, мүгедектердің еңбекке жарамды топтарын анықтауды, тереңдете заңдандыруды, кәсіби білім бере отырып, жұмыс берушілермен бірлесе, оңалтуды қатар алып жүру қажеттілігін шешу негізі экономикалық мәселелермен байланысты екенін көрсетсе» *(Мажибовская И.В., 1997),* отандық зерттеушілер осы заманауи трансформация аясындағы цифрлану кезеңіндегі мүгедектердің жаңа әлеуметтік теңсіздіктерге ұшырауын және одан шығудың бағыттарын көрсетуі де – өзекті. Тағы бір өзекті мәселе – мүгедектерді оңалту жүйесі.

«Оңалту ортасы», «оңалту кеңістігі» ұғымдары да әлеуметтану ғылымында теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделген *(Григорьева М.И., 2021; Котова О.В., 2017)* Оңалту шаралары – аса күрделі жүйе. Ол көптеген әлеуметтік институттардың түйіскен тұсында жүзеге асады.

Жүйелі әдеби шолу мен библиометриялық талдау отандық зерттеушілердің мәселенің өзектілігіне байланысты сапалық және сандық зерттеу әдістерін үйлестіре қолданғанын көрсетеді. Айталық, мемлекеттің ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың жұмыспен қамтылуын реттеуін бағалауға арналған әдістердің бірінші санатына жартылай құрылымдалған сұқбат пен тереңдетілген сұқбат жатады. Ал екінші санатқа көпөлшемді дискреттік таңдау моделі, айырмашылықтар әдісі, регрессиялық үзілістерді модельдеу, полиномиалдық логистикалық регрессиялық бағалауы бар микросимуляциялық модельдеу, сондай-ақ қамту талдауы мен кластерлік талдау әдістерін қолдану кіреді. Мысалы, отандық ғалымдар Б.Қылышбаева мен С.Дүйсенова өз зерттеулерінде – бақылау әдісін қолданса *(Қылышбаева Б.Н., Дуйсенова С.М., 2015),* З. Мышбаева – статистикалық әдісті *(Сокира Т.С., Мышбаева З.Т., 2020),* ал Р. Хисамутдинова жалпы ғылыми әдістерді (талдау, синтез) және арнайы әдістерді (салыстырмалы-тарихи әдіс) қолданған *(Хисамутдинова Р., 2019).* Көптеген отандық зерттеушілер өз еңбектерінде монографиялық деректерді талдау әдісіне және ғылыми мақалаларға контент-талдау жүргізу әдісіне сүйенген, сондай-ақ макроэкономикалық талдауға негізделген *(Альшанская А.А., 2021).*

**Зерттеу нәтижелері мен талқылау**

Қазақстандағы мүгедектер мәселесі соңғы жылдары ғылыми тұрғыдан кеңінен зерттелуде. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мүгедектердің әлеуметтік интеграциясы, әсіресе еңбекпен қамтылуы мен білім алу саласындағы қолжетімділік мәселелері өзекті болып қала береді. «Қоғамдағы қайырымдылық, жанашырлық, толеранттылық, азаматтық, сүйіспеншілік, тағы басқа адамгершілік сапалар – әлеуметтену процесінің негізін салатын құндылықты бағыттар жүйесінің өзекті мәселелері», – деген тұжырым орынды *(Тасыбеков А.Е., 2024).* Елімізде мүгедектердің құқықтары мен әлеуетін қорғау мақсатында бірқатар заңнамалық және нормативтік актілер қабылданып, арнайы мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда. Дегенмен, практикалық тұрғыдан мүгедектердің қоғамдағы толыққанды қатысуына кедергілер әлі де кездеседі. Мысалы, еңбек нарығында мүгедектерге арналған жұмыс орындарының саны жеткіліксіз, жұмыс берушілердің оларға деген көзқарасы мен ақпараттық қолдаудың жетіспеушілігі байқалады. Осы тұрғыда Қазақстанда мүгедектікті зерттеуші ғалымдар назарын аударған өзекті құбылыстың бірі – қоғамның мүмкіндігі шектеулі азаматтардың күнделікті өмір алаңындағы жағдайына қатынасы мен бағасы, әлеуметтік кеңістіктің қолжетімділігі. Зерттеушілер Н.С.Ахтаева мен А.И.Абдигапбарова Қазақстанда «Инклюзивті қоғам құру – мүгедектердің толыққанды өмір сүруі мен әлеуметтік қатысуына жол ашатын басты бағыт», – деп пайымдайды. Инклюзивті қоғамға ұмтылу – қоғамның әлеуметтік-психологиялық ахуалын жақсартуға, азаматтық қоғамның институттарын дамытуға, нәтижесінде мүгедектер үшін қатысу мүмкіндігін арттыратын жайлы, қауіпсіз қоғам құруға алып келеді *(Ахтаева Н.С., Абдигапбарова А.И., 2015).*

Зерттеу жұмыстары, көбінесе дәстүрлі медициналық модель негізінде мүгедектік мәселелерін зерттеу бағыттарына көңіл бөледі. Оған мына көрсетілімдер түрі жатады: «ауру» (illness, disease), «бұзылу-девианттылық» (impairment), «тіршілік әрекетін шектеу» (disability), «әлеуметтік жеткіліксіздік» (handicap). Бұл ұғымдар арасындағы өзара байланыс пен тәуелділік туралы зерттеу тәсілдерінде жиі қолданылады *(Отношение к инвалидам, 2013).*

Қазақстанда анықталған медициналық – әлеуметтік сараптама адамды мүгедек деп тану туралы қабылдаған шешімі бойынша: мүгедекті оңалту мен оңалту барысында жеке бағдарлама іс-шараларын әзірлеу және іске асыру кезіндегі ереженің бұзылуы және көп дәрежеде тіршілік әрекетінің шектеулері айқындаушы. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының шешімімен, 1980 жылы мүгедектік психологиялық және дене бұзылулардың салдары ретінде қарастырылып, халықаралық жіктеулерге негізделген. Алайда, осыған қарамастан, тіршілік әрекетінің шектеулері мен әлеуметтік жетіспеушілік мәселелері әлі де талқылануда. Сондықтан «мүгедектікті» психологиялық немесе медициналық жағдаймен қатар қарау арқылы «емдеуге», яғни оңалтуға болады деген тұжырым бар *(О порядке и условиях признания лица инвалидом: от 29.06.2023 г.).*

Әртүрлі дене кемістігі бар мүгедек адамдарды оңалтуға, өзгертуге, жақсартуға, яғни «қалыпты» етуге арналған нысандардың заманауи орталықтарының құрылуына қоғам мүдделі болуы тиіс. Қоғамдағы қайшылықтар адамдардың түрлі табиғи ауытқуы мен басқа да табиғи немесе жасанды апаттар мен ауытқуы нәтижесінде пайда болатын кесел кесірінен туындап отырады. Яғни, бұл жерде кездейсоқтық факторы туралы да ескерген жөн, басқаша айтсақ зерттеулер әлеуметтік-экологиялық модель негізінде қоршаған орта факторларын да мүгедектікке әкелетін басты себептер ретінде көрсетеді. Олай болса, әлемдік әлеуметтік тәжірибе көрсетіп отырғандай, табиғи және жасанды апаттар салдарынан мүгедек болып қалған жағдайда кез келген азамат әлеуметтік-психологиялық қолдау қызметіне жүгіне алуы тиіс. Бұл – қоғам ынтымақтастығының көрінісі.

Келесі зерттеу бағыты әлеуметтік конструктивизм моделі – мүгедектігі бар адамдарды мүгедектігі жоқ адамдардың қабылдауы арқылы қарастыру идеясының ғылыми зерттеулерде қамтылып, қоғамға міндет жүктеуімен көрсетіледі. Еске салсақ, 2006 жылы БҰҰ мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясында мүгедектігі бар адамдарға қатысты «біз туралы ештеңе жоқ», - деген қағиданы ұсынды. Бұл туралы С.Т.Окутаеваның еңбегінде «мүгедектік мәселесін қазақстандық зерттеушілермен бірлесе, талдай отырып, мүгедектер үшін өмір сүруге кедергісіз орта құру керектігін, мүгедектерге оң қасиеттер беруге қатысты жергілікті басқару мекемелерімен қоса, мүгедектерге деген көзқарастың нақты болуы олардың өмірлік жағдайларының қалыптасуындағы орны көрсетілген», – деп жазады *(Окутаева С.Т., 2024).*

Қазақстандық әлеуметтану ғылымында ұғымдарды концептуализациялаудан бастап, әлеуметтану ғылымы категорияларымен қамтылып, әлеуметтік мобилдік тұрғысын зерттеу еңбектерінде қамтылған. «Еңбек нарығының ерекшелігі мемлекет тарапынан реттелудің сақталуы мен еңбек қатынастарының қайта құрылуының кәсіпорындар деңгейінде шешілуі болып табылуы» десек *(Садырова М.С., 2011),* Қазақстан Республикасы үшін де бұл мәселе аса маңызды. Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша жұмыс берушілер мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік және кәсіби сипаттамаларына

байланысты еңбек нарығында орташа бәсекеге қабілеттілік деңгейінің төмен екенін көрсетеді. Мүгедектер, әдетте, мүгедек емес адамдарға қарағанда жасы әртүрлі, білім деңгейі төмен, сондай-ақ тұрақты денсаулық мәселелері олардың жұмысын шектеп, еңбек өнімділігіне теріс әсер етіп, кәсіби салада шектеу қоюы мүмкін екені түсінікті *(МТСЗ, 2019).* Мүгедекті зерттеуші әлеуметтанушылар мүгедектік пен қоғамның өзара әрекеттесуінің үш түрін көрсетеді. Олар: 1) маргиналды; 2) патерналистік 3) серіктестік *(Котова О.В., 2010; Калашникова И.В., 2017)*, яғни біріншісі - мүгедекті оқшаулау болса, екіншісі - мемлекеттік (әкелік) қамқорлық, үшіншісі – тең қарым-қатынастар, дәлірек айтсақ, қоғамның мүгедектердің белсенділігіне мүдделілігі және оған мүмкіндік беретін ыңғайлы кеңістікті жасақтауы. Өз кезегінде отандық зерттеуші М.С.Токсанбаеваның мүгедектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігінің төмендігіне назар аудара отырып, мүгедек азаматтарды «жұмысқа орналастыру проблемаларын шешуді басымдыққа айналдыру қажет», – деген тұжырымымен келісуге болады *(Токсанбаева М.С., 2021).* Дегенмен, мүгедектіктің медициналық моделінен әлеуметтік моделіне көшуі қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің заңды нәтижесі ғана емес, ол кейбір құрылымдардың ықпалы екенін де зерттеушілер атап өтеді. Бұл жерде қоғамның мүгедектер мәселесіне қарым-қатынасы әртүрлі факторларға тәуелді екенін байқаймыз, себебі қоғамдық трансформация сол қоғамдағы қалыптасқан мәдени-символдық ұстанымдармен, қарым-қатынас үлгілері, стандарттар және стеретиптермен өзара ықпалдастықта әртүрлі қалыпқа түседі.

Қазақстан Республикасында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде дайындалған мүгедектерге арналған оңалту мен реабилитациялаудың негізгі бағыттары бойынша қамтылған мемлекеттік стандарт жобасы іске асырылуда, мүгедектердің жеке қажеттіліктеріне ғана емес, олардың мақсатты оңалту топтарына байланысты көрсетілетін қызметтері айқындалып (мүгедектіктің классикалық медициналық моделі) ұсынылған. Осыған байланысты Р.А.Сулейменова әлеуметтік қамсыздандыру моделін қарастырады. «Мүгедек жандарға қатысты әлеуметтік саясаттың интеграциясы тең құқықтарды қамтамасыз етпейді, керісінше, ол айырмашылықтар мен бөлінуге бағытталған». Бұл экстенсивті әлеуметтік қамсыздандыру деп аталғанымен, тең емес саяси құқықтар мен мүмкіндіктер саясаты да емес», – деп өзекті мәселені қозғайды *(Сулейменова Р.А., 2022).* Ал ғалым З.А.Мовкебаева өз еңбегінде мүгедекті перспективалық және инновациялық екі тәсіл арқылы түсіну қажеттігін атап көрсетеді. Бұл тәсіл – ресурстық-әлеуметтік тәсіл, онда жеке тұлғаның ресурстық әлеуетінің деңгейі мен сипатын анықтайтын әлеуметтік қызмет көрсетіледі. Тәсіл технология жиынтығы ретінде ұсынылады, олар мүгедек адамдарға белсенді болуға, өзін-өзі қамтамасыз етуге, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі актуализациялау үшін қоғамдық ресурстарды әлеуметтенуде пайдалана алады, – деп атап көрсетеді *(Мовкебаева З.А., 2014).*

Мүгедектікті зерттеуші кейбір ғалымдар перспективалық тәсілді экстра-билити тұжырымында ұсынды, онда мүгедек адамның табиғи (физикалық) әрекеттері шектеулі, дегенмен белсенді бейімделуде және сәтті әлеуметтенуі нәтижесінде қосымша қабілеттерге ие бола алады және дами да алады, олардың ерекшеліктері қалыпты адамның өміріндей сұранысқа ие емес, мүгедектігі бар адамның өмірін жақсы жаққа айтарлықтай өзгерте алуымен маңызды *(Колпащиков О.Б., 2019).* Қазақстандық зерттеушілер де мүгедектерді белсенді бейімдеу шараларының нәтижелі екенін және мүгедектікті

реттейтін құқықтық-нормативті шығармашылық тәжірибесі үшін маңыздылығын және ескерілуі тиіс екенін түсінеді. Айталық, Қазақстанда еңбекке жарамды мүгедектерді жұмыспен қамту мемлекеттік бағдарламаларының іске асырылуы бірнеше кезеңдермен жүзеге асырылу көзделген. Осы бағдарламалар арқылы мүгедектіктің пайда болуы мен оны қоғамдық тұрғыда қолдауы мәселелері шешіледі *(Садырова М.С., 2014).* Қазақстандағы кәсіпорындарда мүгедектерді жұмысқа алуды ынталандыру мақсатында қызметкерлердің жалпы санының 30% кем емес бөлігін мүгедектер құраған жағдайда, оларға салық салу, қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша жеңілдіктер ұсынылды (Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспар). Әрине, аталмыш мәселе инклюзиялық білім берумен тығыз байланысты, себебі тек білімді көтеру мүгедектердің әлеуметтік мобилдігін реттейді. Осы қағидаға сәйкес қазақстандық аланда жаңа сын-тегеуріндер кезеңінде инклюзиялық білім беру мен кәсіби маман даярлау мәселесі дискурсының шекарасы қандай деген мәселе де маңызды екені дау туғызбайды. Мүгедектерге білім алуға, жұмысқа орналасуға, өз хоббилерін жүзеге асыруға немесе оларды кәсіпке айналдыруға мүмкіндік беретін институттар мен қоғамдық ресурстар болмаса мәселені шешу мүмкін емес екенін зерттеулер көрсетіп отыр. Мысалы, қазақстандық зерттеушілер оқу процесінде тифлопедагог, сурдопедагог және сурдоаудармашы сияқты арнайы мамандардың қатысуын қамтамасыз ету мәселесін көтереді *(Жахина Ш.Ж., 2016).* Мүгедек азаматтарға білім беру, соның ішінде дистанциялық білім беруді ұйымдастырудың теориялық және қолданбалы мәселелер бойынша қазақстандық ғалымдар жазған еңбектерде мүмкіндігі шектеулі азаматтарды білім берудің әртүрлі деңгейіне даярлаудың талаптарын ескеру қажеттігі қозғалады *(Состояние и развитие специального и инклюзивного образования в Республике Казахстан, 2016).*

Еңбекпен қамтуды дамытуды жаппай жандандыруда 2017 жылы «Еңбек» даму бағдарламасы бойынша жұмыссыздар және басқа біліктілігі төмен мамандарды қайта мамандандыруда (оның ішінде жұмысқа жарамды мүгедектерді) оқытып, біліктілігін арттыру жұмыстары жүргізілді. Заманауи цифрлы экономиканың дамуы мүгедектердің әлеуметтік-экономикалық мәселесін шешу бағытында мобильдікті талап етеді *(Мещерякова Н.Н., Роготнева Е.Н., 2021).*

Цифрланудың қазақстандық мүгедектердің әлеуметтік өмірін түбегейлі өзгерткені туралы зерттеуді Сорос-Қазақстан Қорының көмегімен 2017 жылы Н.Мануилова жүргізді. Зерттеу мүгедектердің цифрлану талаптарына сәйкес еңбек нарығынан өз орнын таба алмағанын (қатысу бар болғаны 30%), оған негізгі ықпал ететін фактор – жоғары білімнің қолжетімсіздігі, мобилді үйретуші топтардың болмауы *(Мануилова Н., 2017),* Одан кейін 2018 жылы қабылданған «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында компьютерлік сауаттылықты арттыру жұмыстары жүргізілді, дегенмен цифрлы экономика жағдайына мүгедектерді бейімдеуде кедергілер жойылмады.

Отандық зерттеушілер Т.С. Сокира, З.Т. Мышбаева, Г.Ф.Т аспенова, Т.С. Саткалиевалар еңбек нарығындағы мүгедектердің жұмыспен қамтылуының жай-күйіне талдау жасайды. Мүгедектер арасындағы жұмыссыздықтың себептері шешімін таппай отырған заңнамалық-құқықтық мәселеден бастап, жұмыс берушілердің мүгедектерді жұмысқа қабылдауға мүдделі болмауымен қатар, ел көлемінде әлеуметтік объектілердің

қолжетімсіздігі мен оңалту орталықтарының аздығы, мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталаудың тиімсіздігі, мүгедектігі бар адамдардың бәсекеге қабілетсіздігі болып отыр. Зерттеушілер мәселені шешу жүйелік ұстанымды талап етеді деген көзқарасты жақтайды. Мемлекет тарапынан жұмыспен қамтамасыз етудің икемді жүйесі жасақталуы тиіс екені және ол заманауи өзгерістер талабына сай болуы керек деген қорытынды жасалады *(Сокира Т.С., Мышбаева З.Т., 2020).*

Қазақстандағы мүгедекті зерттеудің тағы бір маңызды бағытын әлеуметтік-антропологиялық зерттеулер құрайды. Көпұлтты және көпконфессиялы ел ретінде саналуан ұлттар мен этникалық топтар өкілдерінің өзіндік әлеуметтік статусына (соның ішінде зерттеліп отырған мәселе аясында) қатынасы, оны бағамдауы да – ғылым үшін маңызды. Біздің назарымызды аударған зерттеу – ресейлік маман И.С.Савиннің «Инвалидность как социокультурный феномен в Казахстане: поселенческий и религиозный аспекты», - деген жұмысы. Автор Оңтүстік Қазақстандағы моноэтностық ауыл мен көпэтностық қаладағы мүгедектердің ахуалын, осы ортадағы дін мен діни этиканың мүгедектің ауыр жағдайына қалай ықпал ететінін, дәстүрлілік пен заманауилықтың арасындағы айырмашылықты талдайды. Зерттеуші 2020-2021 жылдары жинаған мәліметтері негізінде әлеуметтік-антропологиялық, кросс-мәдени талдау әдісін қолданып, ғылыми құнды мәліметтерді ұсынады *(Савин И.С., 2022).*

Жаһандық пен локалдық, заманауилық пен дәстүрлілік, ұлттық және ұлтаралық, діни, қоныстық, аймақтық, гендерлік құндылықтардың мүмкіндігі шектеулі адамдар өміріндегі орны, әлеуметтік ортаның мүгедекті қабылдауы және ең бастысы мүгедектің өзінің жағдайын қабылдауы, өзіне сенімді болуы және өзін қауіпсіз сезінуі, отбасындағы ымыраның, күнделікті өмірдегі ұстанымдардың мүгедекке қатысты оңалту шаралары нәтижесіне ықпалы жөнінде отандық зерттеулер аясын кеңейту қажет. Мұндай зерттеулер пәнаралық, интерсекциялық әдіспен жүзеге асырылады. Мысалы, мүгедек әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселесі, мүгедек жастар мен балаларды әлеуметтік бейімдеу, мүгедектерге қамқоршы азаматтардың сұраныстары мен үсыныстары, олардың міндеттері мен құқықтары, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағамдау жөніндегі жеке ғылыми зерттеулерді талап етеді. Бұл зерттеулер мәселенің теориялық-әдіснамалық, қолданбалы түйткілдерін шешуде кешенді ғылыми зерттеулерді жаңа, сапалы сатыға көтереді.

## Қорытынды

Қазақстанда мүгедектер мәселесін зерттеуге жасалынған талдау тәуелсіздік жылдарында отандық әлеуметтанушы, психолог, дефектолог, экономист, құқықтанушы мамандардың ғылыми ізденістерінің бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

